

№ 30 мектепке дейінгі ұйымы мен баланың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) өзара міндеттемелері туралы

№ 5 шарт

« » 20 ж.

Л. Дабдыбекова мектепке дейінгі ұйымының меңгерушісі атынан № 30 мектепке дейінгі ұйым бір тараптан және Әбуова Әгерке анасы (әкесі, оларды алмастыратын тұлға), бұдан әрі «Ата-ана» деп аталады, келесі тараптан төмендегі мазмұнда осы Шартты жасады:

1. Мектепке дейінгі ұйым міндеттенеді:

1.1. Ата-анасының өтініші негізінде баланы МДҰ-ның консультациялық пунктiне есепке алу.

1.2. Баланың өмiрi мен денсаулығын қорғауды, оның зияткерлік, дене және жеке дамуын қамтамасыз етуге; баланың даму ерекшелiктерiн ескере отырып, оған деген жеке әдiстi жүзеге асыруға, баланың эмоциялық игiлiгiне қамқорлық жасауға.

1.3. Заттық-дамытушылық ортаны ұйымдастыру (үй-жайлар, жабдықтар, оқу-көрнекi құралдар, ойындарға арналған материалдар).

1.4. Баланың әрекетiн жасына, жеке ерекшелiктерiне, Мектепке дейiнгi тәрбие мен оқытудың үлгiлiк оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес ұйымдастыру.

1.5. Мамандар қызметiн ұсыну

1.6. Бала ауырып қалғанда, сондай-ақ ата-анасы (заңды өкiлi) дәлелдi себептермен (ауруы, iссапар және т.б.) демалыста және уақытша болмаған жағдайда балабақшаның кеңес беру пунктiнде баланың орнын сақтау.

1.7. МДҰ-ның консультациялық пунктiнде болған кезеңiнде бала мүлкiнiң пунктте сақталуын қамтамасыз етуге мiндеттi.

1.8. Ата-анаға (заңды өкiлге) баланы тәрбиелеу мен оқытуда, оның дамуындағы ауытқуларды түзетуде бiлiктi көмек көрсету.

1.9. Осы Шартты сақтау.

2. Ата-ана мiндеттенедi:

2.1. Осы Шартты сақтау.

2.2. Баланың алдағы уақытта болмауы туралы балабақшаға хабарлау (демалыс, ауру және т.б.).

2.3. Баланы тәрбиелеу мен оқытудың барлық бағыттары бойынша МДҰ консультациялық пунктiмен өзара әрекеттесу, бiрлескен iс-шараларға белсендi қатысу.

3. Мектепке дейiнгi ұйым құқылы:

3.1. Баланың консультациялық пунктте одан әрi болуына кедергi келтiретiн баланың денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытынды болған кезде, баланы шығарып жiберуге.

3.2. Ата-анасы (заңды өкiлi) өз мiндеттемелерiн жүйелi түрде орындамаған жағдайда, оған бұл туралы 10 күн бұрын хабарлап, осы Шартты мерзiмiнен бұрын бұзуға құқылы.

4. Ата-ана құқылы:

4.1. Балабақшаның консультациялық пунктінде балалармен жұмысты жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу.

4.2. Консультациялық пункттің жұмысы туралы есептерді тыңдау.

4.3. Мектепке дейінгі ұйым басшысына бұл туралы алдын ала 10 күн бұрын хабарлай отырып, осы Шартты бір жақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзу.

5. Шарттың қолданылу талаптары.

5.1. Шарт оған қол қойылған сәттен бастап қолданылады, тараптардың келісімі бойынша ұзартылуы, өзгертілуі, толықтырылуы мүмкін.

5.2. Шартқа өзгерістер, толықтырулар Шартқа қосымша түрінде ресімделеді.

6. Тараптардың жауапкершілігі.

6.1. Тараптар міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісті дәрежеде орындалмағаны үшін жауапты.

7. Шарттың қолданыс мерзімі 26.09.2024 - 28.05.2025 аралығында.

8. Шартқа қол қойған тараптар:

<p>№ МДҰ меңгерушісі ТАӘ <u>Д. Довыбылова</u> М.О. (қолы) <u>«26» 09 2024 ж.</u></p>	<p>Ата-ананың (заңды өкілдің) ТАӘ <u>Джубова А</u> Мекенжайы <u>5-15-14</u> <u>Джубова А</u> (қолы) <u>«26» 09 2024 ж.</u></p>
--	--